

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Сайлаубаева Бахытгул Ерназаровна,
sailubaeva1970@gmail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің, журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші, с.ғ.д., профессор - Р.А.Нуртазина

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балалар басқа балалармен тең мүмкіндікте білім алуы өзекті болып отыр. Қазірде инклюзивті білім беруді енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру мәселесі әлемдегі өзекті проблемаға айналып отырғаны баршаға аян. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік саясатында бұл құбылыс, назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл проблемаға басты назар аудару тектен тек емес. Өйткені туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар балалардың саны жыл сайын артып келе жатқаны белгілі. Бұл мақалада мемлекет дамуындағы ауытқулар бар балаларды ерте диагностикалау мен ерте түзету міндеттерін қарастырылған. Білім беру жүйесі, өз кезегінде осы санаттағы балаларды мүмкіндігінше бұқаралық балабақшаларда, жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік лицейлерде және жоғары оқу орындарында оқыту процесіне қосуы тиіс екендігі көзделіп жазылған. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қазіргі заманғы қоғамның қарым-қатынасын өзгертуді іске асыру арқылы балалардың оқу процесінде өз қабілеттері мен жетістіктеріне жетуі мамандандырылған оқу орнында емес, кәдімгі жалпы білім беру мектебінде жүзеге асуын қамтамасыз етуде айтылған. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудегі ақпараттық технологияны қолдану қажет екендігі де мақалада айқын көзделген.

Қазіргі қоғам даму жағдайында осы проблеманы шешу маңыздылығын көрсету мемлекеттік саясат деңгейінде болуы тиіс. Қазақстанның барлық мектептерінде инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияны енгізу. Бүгін таңда инклюзивті білім беруге қойылатын талаптар - бұл әлеуметтік бейімделген, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру. Осы ретте инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияны қолданудың аса қажеттігі туындайды. Мақаланы жазуда мына төмендегі зерттеу әдістері пайдаланылды. Атап айтқанда, тиісті әдебиеттерді талдау, салыстыру, жинақтау, бақылау, қорыту. Зерттелу нысаны әдебиеттерді талдау барысында мемлекеттік саясат және инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияны қолдану керектігі анықталды.

Қазіргі заманда ғылыми -техника барлық салаларда тоқтаусыз қарқындап дамуда. Осыған байланысты білім беру жүйесіне де жаңа міндеттер қойылып отыр. Ол үнемі үздіксіз өзгеріске ұшырап отыратын технологияға бейім тұлғаны қалыптастыру. Өйткені, біздің өмірімізге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шапшаң еніп даму үстінде. Осыған орай, ақпараттандырудың ауқымды мәселесі алдымызда тұр. Солардың бірі де бірегейі, инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияны қолдану қоғам қажеттілігі екендігінде. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көңіл бөлу, яғни олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» деген болатын [1]. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы инклюзивті білім беруді дамыту жобасы дайындалған болатын, ал 2010 жылдың 1-ші ақпанында Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаның басты мақсаты-еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып табылады. Аталған заң аясында мүмкіншілігі шектеулі балаларға ерте жастан бастап білім беру мен оларды әлеуметтік, медициналық тұрғыдан қамтамасыз етуді қарастырылады [2]. Бұл мәселе біздің елімізде ғана емес барлық әлемнің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан аластатпай оларды да өздерінің қоғамның бір мүшесі екендігін сезіндіру, басқа да балалармен бірдей білім алуын қамтамасыз ету көзделіп отыр. Сондықтан елімізде инклюзивті білім беру бағдарламасы қабылданған еді. Бұл мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама берді.

Инклюзивті

білім беру дегеніміз- барлық балаларды жалпы білім үрдісінде толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың психологиялық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат болып табылады. Бұл біздің елімізді, яғни білім беру саласын толғандырған мәселе еді.

Елімізде инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл-ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алып жатқаны баршаға аян. Кез келген оқушының білім алуда өз ерекшеліктері болады. Бұл білім алып жатқан оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейімен байланысты. Алайда бүгінгі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру заман талабы. Сондықтан арнайы мектептерде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім алуда. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту, қосалқы бағдарламамен оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатқаны айқын [3].

Инклюзив-

сөзі латын тіліннен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тіліннен аударғанда «араластырамын» деген мағына ны білдіреді екен [4]. **Ендеше, инклюзивті білім берудің мақсаты** даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім алуы болмақ. *Инклюзивті оқыту*- барлық балалардың мұқтаждықтарын ескере отырып, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өндеуге талпындырады. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі күрделі мәселенің бірі қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарастар және оны жою қажет. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балалар тең құқылы жеке тұлға ретінде білім ала отырып дамуы керек.

Инклюзивті

оқытудың негізгі принциптеріне келсек төмендегідей болып табылады. Олар;

1. Жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;
2. Барлық адамдарға тең қарым-қатынас;
3. Балалар арасында дискриминацияны болдырмау;
4. Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау; Бұл арнаулы білім беу жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нақты инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп, яғни интеграциялы түрде оқуын ұйымдастыруды қажет етеді [5].

Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған

балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі болып табылады. Инклюзивті оқыту біріктірілген, яғни оқушы қалыпты балалар сыныбында -оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін ала алады, жартылай дегеніміз жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі қарапайым топтарда өткізеді. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі. Инклюзивті оқыту балаларды қандай да бір алалау, бөлектеуді жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдікқарым-қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың негізі болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалуы да мүмкін дүние. Ал, осындай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайтыны анық.

Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыруына мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене араласуына мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжымдық іс-әрекеттерге қатысуға жағдай туғызады. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіншілік тудырады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны қолдануға әбден болады. Ақпараттық технологияны қолдану мен дамытуда терең және кешенді ауытқуы бар балалар үшін өзара іс-қимылды қабілетті қамтамасыз ету мен қоршаған ортамен қатынас, бірегейлі құралдар екені мәлім. Ақпараттық-технологияны қолдану барысында мынадай міндеттерді нақты шешеді:

Оқу үрдісіндегі кейінгі байланысты қамтамасыз ету;	Оқу
үрдісін көрнекіліктермен қамтамасыз ету,	Кең таралаған
білім көздерінен ақпаратты іздестіру,	Оқу үрдістерін немесе
құбылыстарын құру;	Ұжымдық және топтық жұмыстарды
ұйымдастыру;	Оқыту құралдары ретінде ақпараттық
технологияларды қолдану арқылы жұмыс істеу тәсілдері әртүрлі: топпен, жеке, сыныппен болады.	

Педагогика ғылымындағы белгілі ғалымдар Ж.Пиаже, Л.С.Выготский ұйымдастырылған жаңа білімге немесе жаңа әрекетпен оқыту бойынша қызмет жағдайында ғана педагогтар оқыту үрдісін тиімді дамытуына үміт артатындығын өзінің жұмыстарында жазған болатын. Демек кез-келген оқыту, тек білім беруден басқа түзете-дамыту жұмыстары болатын көрнекті- тәжірибелік сиқырлы іс-әрекет, ол виртуалдық іс-әрекет деңгейіндегі интерактивті технологияларды-компьютерлік ойындарды қолдану болып табылады.

Дефектология саласындағы зерттеулер арнайы білім беру жағдайларындағы негізгі міндеттерді шешу үшін педагогикалық процесінде Ақпараттық компьютерлік технологиянының тиімділігі арнайы педагогпен келесі бағыттар бойынша жұмыс өткізудің сапасына тәуелді деп анықталды. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану мақсатында ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық, эмоцияналдық, коммуникативтік дамуына жетілдіруге үлесінің зор екендігі практика жүзінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінен көруге болады. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі:

1.Әдістемелер арқылы іс-әрекет барысында логикалық, операциялық, анализдеу сынды әрекеттері дамып, қалыптасады;

2.Ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейін шоғырландыру, тұрақтандыру, соның ішінде ырықты зейінді қалыптастыруға ықпалы зор;

Психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қиялын

ұштауға қанаттандырады; 3. Дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі- жабдықтар бала есінде ұзақмерзімді сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді;

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-эмоционалдық сферасы жағынан тиімділігін қарастырсақ:

1. Ақпараттық

технологияларды қолдануда тиімді интерактивті әдістерді пайдаланып, мүмкіндігі шектеулі балалардың белсенділігін арттыру;

2. Релаксациялық-

медитациялық жаттығуларда ақпараттық технологиялық құралдарды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың ішкі психологиялық ахуалдарын тұрақтандыру;

3. Вербальді емес психологиялық сферасын тұрақтандырып, қалыптылыққа

негіздеп, дамыту;

Ақпараттық

технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың коммуникативтік сферасын дамыту жағынан тиімділігіне келсек, біріншіден қоршаған ортамен, ұжыммен, топпен жұмыстанып, бірлесе әрекет жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, вербальді,

вербальді емес қарым-қатынасын түзете - дамытып, ортада өз «Менін» қалыптастыруға жаңғдай туғызады. Демек, инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану тиімді. Ақпараттық компьютерлік технологияның артықшылықтары бар. Атап айтқанда, біріншіден, ғаламтор желісі арқылы әр түрлі мәлімет алады, екіншіден арнайы электронды оқулықтарды қолданады, үшіншіден, оқушылардың қызығушылығын арттыруы, уақытты үнемді пайдалануы, төртіншіден, оқушылардың білім қабілеттерін дұрыс бағалауы, кәсіби өсуіне жағдай туғызуы, бесіншіден, шығармашылық қабілеттерін арттырады екен. Ақпараттық компьютерлік

технологияның қолдана отырып, білім алушылардан күтілетін нәтиже біріншіден, теориялық материалдарды толық меңгереді. Екіншіден, әр түрлі ақпарат көздеріне шыға алады және оларды өңдей алады. Үшіншіден, өз көзқарасын қысқанда нұсқа анық жеткізуге үйренеді. Төртіншіден пәнге деген қызығушылықтары мен үлгерімі артады. Сонымен ақпараттық технологияны пайдаланудың басты мақсаты - оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарас белсенділігін қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникативтік технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеу, оқу барысында компьютерді пайдалану, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдану, интернетте жұмыс істеу, компьютерлік оқыту. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік технология келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талапты, шығармашылығы мол, тұлға болып, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор. Ақпараттық технология қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу [6]. Сондықтан Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Білім беру саласында оқушылардың әр пәнді игеру деген құлшынысын арттыру үшін жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану қажет. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мектептерде ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен білім беру жүйесі келесі педагогикалық шарттар бойынша құрылуы қажет:

- Білім беру үдерісінде қатысушыларды әлемдік білім беру ресурстарына қолжетімділігі;

- оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын ІТ-технологиялары арқылы арттыру;

-оқытудың барлық сатысында өз бетімен қосымша жұмыс жүргізуді ұйымдастыру ;

мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы үшін қалыпты жағдайдағы дені сау балалармен тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;

- қашықтықтан оқыту кезінде олардың білім деңгейінің даму траекториясын бақылау;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына кедергісіз аймақтар қалыптастыру;

- білім сапасының жоғарлауына әсер етіп, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына жағдай жасау [7].

Бүгінгі таңдауден оқып білім алатын мүмкіндігі шектеулі балаларды компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп отыр.

Арнайы оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың екі жұмыс істейтін міндеттің шешіміне байланысты: -

Жаңа құралдарды қолдану қызметіне балаларды үйрету. -

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Оқытуда басқа құралдармен салыстыру бойынша ақпараттық технологиялардың артықшылығы: -

жеке түзетумен оқыту мүмкіншілігі; -

білімді меңгеру тәсілімен тек қана оның теңдестік темпі үшін әр балаға қамтамасыз ету мүмкіншілігі; -

дербес өнімді қызметтер мүмкіншілігін ұсынуда; -

кепілденген жүйелік көмекті қамтамасыз ету [8].

Әр түрлі елдермен түзету педагогика саласындағы жетістік талдауы пайымдау негіз береді, бұл арнайы білім беру ақпараттық технологияның рөлі шегіне шығуда. Ақпараттық технологияны дамытуда терең және кешенді ауытқуы бар балалар үшін өзара іс-қимылдың қабілетті қамтамасыз ету мен қоршаған ортамен қатынас, бірігейлі құралдар болып табылатындығын мойындаған.

Қорыта айтқанда қазіргі білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім беру өзекті мәселелердің бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделіп жан - жақты дамуы, тең құқылы білім алуы, әлеуметтен дені сау балалармен қатар орын тебуі басты мақсаттың бірі болып отыр. Инклюзивті білім беруді оқытудың заманауи технологияларымен жетілдіру, оны мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді қолдана білу қажет. Сондықтан да инклюзивті білім беруде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап, пайдаланып, пәндер бойынша бағдарламаларын құрастырып, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізсе, мүмкіндігі шектеулі жандардың заман талабына сай тұлға қалыптастыруға септігі зор екендігі белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. // Егемен Қазақстан. 2014. 17 қаңтар.

2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010, 7 желтоқсан, №111 Жарлығымен бекітілген.

3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 заңы.

4. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі- Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 ж.

5.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
6.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 12 сәуір. 2017ж.
7.2017-2020 жж. «Сандық Қазақстан» бағдарламасы. <https://zerde.gov.kz/>. 8.Мұқанова Ә.
«Ақылды», цифрлы жайлы өмірге ұмтылу керек. //Егемен Қазақстан.-2017.-17 мамыр
(№108).